

Көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктердің бланкілерін дайындау, сақтау және есепке алу, көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін беру және дайындау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 386 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 мамырда № 11186 тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Жол жүрісі туралы" 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 70-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының бөліністерінде көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктердің бланкілерін дайындау, сақтау және есепке алу, көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін беру және дайындау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті (И.В. Лепеха):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Облыстардың және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының полиция департаменттерінің, Қазақстан Республикасы ПМ-нің Байқоңыр қаласындағы өкілдігінің бастықтары:

1) ішкі істер органдары жеке құрамының осы бұйрықтың талаптарын зерделеуін және сақтауын қамтамасыз етсін;

2) ішкі істер органдарының жұмысын осы бұйрықтың талаптарына сәйкес ұйымдастырсын.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жол және арнайы полиция бөліністерінде мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін, жүргізуші куәліктерін және көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктерді қабылдау, есепке алу, сақтау және жұмсау туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 22 ақпандағы № 78 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6096 болып тіркелген, "Заң" газетінің 2010 жылғы 28 сәуірдегі № 60 (1682) санында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары полиция генерал-майоры Е.З. Тургумбаевқа, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитетіне (И.В. Лепеха) және Қаржымен қамтамасыз ету департаментіне (Б.Ш. Исенова) жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
полиция генерал-лейтенанты*

Қ. Қасымов

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2015 жылғы 23 сәуірдегі
№ 386 бұйрығына қосымша

Көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктердің бланкілерін дайындау, сақтау және есепке алу, көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін беру және дайындау қағидалары

Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 20.04.2018 № 310 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Қағидалар көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктерді (бұдан әрі – КҚТК) дайындау, сақтау және есепке алу, мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін (бұдан әрі – МТНБ), оның ішінде МТНБ телнұсқаларын беру және дайындау тәртібін айқындайды.

МТНБ телнұсқасы ұқсас цифрлық және әріптік белгілері бар, жоғалған және (немесе) ұлттық стандарттың талаптарына сәйкес келмейтін МТНБ-ның орнына берілетін МТНБ болып табылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-1. КҚТК, МТНБ дайындауды кәсіпорын (бұдан әрі - Жеткізуші) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігімен (бұдан әрі - ПМ) және облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының полиция департаменттерімен (бұдан әрі - ПД), ПМ-нің Байқоңыр қаласындағы Өкілдігімен жасалатын келісімшартқа сәйкес, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасымен белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

Ескерту. 1-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 5 қаңтарда № 10056 болып тіркелген) бекітілген Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу қағидаларында көзделген, жеке немесе заңды тұлғаның КҚТК, МТНБ беру туралы құжаттары КҚТК, МТНБ дайындау үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 1-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Ішкі істер органдарының (бұдан әрі - ПО), "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" Коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) басшылары дайындалған КҚТК-ны, МТНБ-ны қабылдау және есепке алу үшін уәкілетті адам тағайындайды.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктер балнкілерін жасау, сақтау және есепке алу

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 20.04.2018 № 310 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Көлік құралдарын мемлекеттік тіркеудің бірыңғай ақпараттық жүйесінің бағдарламалық қамтамасыз етуі (бұдан әрі - БҚЕ) МТНБ бере отырып, КҚТК

дайындайды және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көлік құралдарын тіркеу тізілімі (бұдан әрі - Тізілім) қалыптастырылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Материалдық-жауапты адам Тізілімнің деректері бойынша дайындалған КҚТК-ны есепке алуды жүзеге асырады және әр айдың соңында Жеткізуші мен материалдық-жауапты адамының арасында КҚТК дайындау бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау актісі ресімделеді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. ПД әкімшілік полиция басқармалары (бұдан әрі - ПД ӘПБ), ПМ-нің Байқоңыр қаласындағы Өкілдігі есеп беру айынан кейінгі айдың 5-інен кешіктірмей Тізілімді ПД мен ПМ-нің Байқоңыр қаласындағы Өкілдігінің қаржы қызметтеріне (бұдан әрі - Қаржы қызметі) ұсынады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. КҚТК дайындау процесінде ақау туындаған кезде уәкілетті адам Жеткізушінің өкілімен бірлесіп, ақау шығу себептерін көрсете отырып, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үш данада ақаулы өнімді есепке алу актісін жасайды. Ай сайын есеп беру кезеңінен кейінгі айдың 5-іне актінің бір данасы Қаржы қызметіне, екіншісі Жеткізушінің өкіліне жолданады, үшіншісі материалдық-жауапты адамда сақталады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін беру және жасау

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 20.04.2018 № 310 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. МТНБ-ны беру көлік құралының иесіне МТНБ-ны, оның ішінде сақтауға тапсырылған МТНБ-ны нақты беруді білдіреді. МТНБ-ны иелікке беру КҚТК-ге және БҚЕ-ге МТНБ-ның жеке әріптік-цифрлық белгіленуін енгізу болып табылады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. МТНБ-ны жоғалтқан немесе ұлттық стандарттың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда (бір данасы немесе жиынтығы) көлік құралы иесінің Мемлекеттік корпорацияға жүгінуі бойынша КҚТК-ны ауыстырмай, облыстардың және Шымкент қаласының ПД үшін он бес жұмыс күні ішінде, ал Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларының ПД үшін бес жұмыс күні ішінде МТНБ телнұсқасын дайындау жүргізіледі. МТНБ-ның телнұсқасын дайындауға өтініш әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін МТНБ-ны алып қою мәніне тексерілгеннен және автомобиль үшін айлық есептік көрсеткіштің (бұдан әрі – АЕК) 2,8 мөлшерінде және мотокөлік құралдары мен тіркемелер үшін 1,4 АЕК көлемінде мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжатты алғаннан кейін қабылданады.

МТНБ-ның телнұсқасын берген кезде, қолда бар түпнұсқа Мемлекеттік корпорацияға тапсырылады. Көлік құралы иесінің еркі бойынша оның атына жаңадан тіркелетін көлік құралына бұрын оған тіркелген, МТНБ берілген көлік құралын есептен шығарған жағдайда, МТНБ телнұсқаларын дайындауға рұқсат етіледі. МТНБ-ның телнұсқаларын беру үшін негіз болған құжаттар қалыптастырылады және Мемлекеттік корпорацияда сақталады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Ұлттық стандарттың талаптарына сәйкес келген кезде, бұрын пайдалануда болған (оның ішінде бұрын мемлекеттік органдардың пайдалануында болған) МТНБ-ларды бұрынғы иелеріне көлік құралына қайта беруге жол беріледі.

Құқықтық мирасқордың (мұрагердің) ерік білдіруі бойынша мұрагерлік мәні болып табылатын көлік құралына бұрынғы МТНБ-ны олар ұлттық стандарттың талаптарына сәйкес келген және Салық кодексінде белгіленген мемлекеттік баждарды төлей отырып, бір өңір шегінде көлік құралын мемлекеттік тіркеген кезде қайта беруге жол беріледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 06.02.2020 № 91 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. ПД ӘПБ жаңа МТНБ-лар мен олардың телнұсқаларына нақты қажеттілікті ескере отырып, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МТНБ дайындауға және жеткізуге өтінімдерді ресімдейді, алдын ала Қаржы қызметімен келіседі және бекіту үшін ПМ ӘПК-ге ұсынады.

Жоғары сұранысқа ие емес жаңа МТНБ-ны дайындауға және жеткізуге арналған өтінімге ПД ӘПБ мемлекеттік органдардың, дипломатиялық өкілдіктердің, Қазақстан Республикасында тіркелген халықаралық ұйымдардың және (немесе) оның

өкілдіктерінің, консулдық мекемелердің, Қазақстан Республикасында аккредиттелген қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің көлік құралдарына берілетін МТНБ-ны қоспағанда, МТНБ-ны алфавиттік тәртіппен енгізеді.

ІМ ӘПК бір жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МТНБ дайындауға және жеткізуге арналған өтінімді ресімдейді және бекітеді және Жеткізушіге жолдайды.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Жеткізуші МТНБ-ны Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларының ПД үшін бес жұмыс күні ішінде, облыстардың және Шымкент қаласының ПД үшін он бес жұмыс күні ішінде дайындайды және жиынтық өтінімге сәйкес ПД ӘПБ өкіліне МТНБ-ны түсіріп беруді жүзеге асырады. МТНБ орамы мөрленеді және олардың жоғалуын және бүлінуін болдырмайды.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. МТНБ-ны жеткізуді Жеткізуші ПД және ІМ-нің Байқоңыр қаласындағы Өкілдігі тиісті бөлімдерінің деректемелері бойынша өтінімге сәйкес өңірлерге жүк бағажын түсіру арқылы жүзеге асырады. Жеткізілетін МТНБ-ның әрбір партиясына Жеткізуші жүкқұжаттың және МТНБ қабылдау актілерінің үш данасын қоса береді.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. МТНБ-ны Жеткізушіден қабылдауды ПД-де және ІМ-нің Байқоңыр қаласындағы Өкілдігінде материалдық-жауапты адамдар Жеткізушіден жүкқұжаттың, осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МТНБ-ны қабылдау актісінің негізінде оларды алған күні жүзеге асырады. Үш жұмыс күні ішінде актінің бір данасы Жеткізушіге жолданады, екіншісі Қаржы қызметіне беріледі, үшіншісі материалдық-жауапты адамының істерінде сақталады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МТНБ-нің кіріс-шығысын есепке алу кітаптары ПД ӘПБ мен ІМ-нің Байқоңыр қаласындағы Өкілдігінің кеңселерінде (хатшылықтарында) тіркеуге жатады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Ұлттық стандарттың талаптарына сәйкес келетін, уақытша сақтауға қабылданған МТНБ-ны есепке алуды Мемлекеттік корпорация жүзге асырады. Сақтау мерзімін МТНБ-ны уақытша сақтауға тапсыратын көлік құралының иесі белгілейді, бірақ МТНБ-ны Мемлекеттік корпорацияға тапсырған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайды. МТНБ-ны сақтауға қабылдау кезінде иесіне осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МТНБ-ны сақтауға қабылдау туралы қолхат беріледі. Тапсырылған МТНБ-ны сақтау және сақтау мерзімі өткеннен кейін оларды жою осы Қағидалардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Материалдық-жауапты адамдар Тізілімнің деректері бойынша берілген МТНБ (жаңа және телнұсқалар) есебін жүргізеді. Кітаптың кіріс бөлігіне жазу үшін МТНБ-ның кірісіне арналған құжаттар, ал шығыс бөлігіне – осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МТНБ-ны басқа материалдық жауапты адамдарға беруге толтырылған жүкқұжаттар немесе Тізілімдердің және берілген МТНБ телнұсқалары тізілімдерінің қорытынды деректері негіз болып табылады. Жұмсалмаған МТНБ қалдығы Кітапта әр айдың басында, сондай-ақ тексеріс жүргізу сәтіне шығарылады. Дайындалған және берілмеген МТНБ Мемлекеттік корпорация үй-жайларында жанбайтын сейфтерде немесе металл шкафтарда сақталады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. ПД ӘПБ және ІІМ-нің Байқоңыр қаласындағы Өкілдігі есеп беру айынан кейінгі айдың 5-інен кешіктірмей, тиісті бөліністің Қаржы қызметіне осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Тізілімді және берілген МТНБ телнұсқалары тізілімдерін қоса отырып, МТНБ-ның қозғалысы туралы есеп ұсынады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. МТНБ-ны басқа ПД-ларға немесе Мемлекеттік корпорацияға материалдық-жауапты адамдарға беру кезінде ПО-ның материалдық-жауапты адамы 3 данада жүкқұжат ресімдейді және оларды сенімхат бойынша береді. Жүкқұжаттың бір данасын істің материалдарында қалдырады, екіншісін – Қаржы қызметіне жолдайды, үшіншісін – материалдық жауапты адамға – МТНБ-ны алушыға береді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. ТЕБ қоймасындағы МТНБ қалдығының ай сайынғы шекті лимиті алдыңғы өткен үш айдағы нақты берудің орташа айлық бір жарым еселік мөлшерінен аспайды. Белгіленген лимитті бақылауды ІІМ ӘПК-нің, ІІД ӘПБ-нің, ІІМ-нің Байқоңыр қаласындағы Өкілдігінің және ІІД, ІІМ-нің Байқоңыр қаласындағы Өкілдігі қаржы қызметтерінің басшылары жүзеге асырады.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Көлік құралдарынан алынып тасталған және одан әрі пайдалануға жарамсыз МТНБ-лар Мемлекеттік корпорацияға тапсырылады. Бұрын пайдалануда болған МТНБ-ны жою осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МТНБ-ны жою актісін ресімдей отырып, МТНБ-ны екіге бөліп қию жолымен жүргізіледі. Жойылған МТНБ-лар олардың жиналуына қарай, бірақ жылына кемінде екі рет металл қабылдау пункттеріне тапсырылады.

Тапсырудан түскен қаражат республикалық бюджет кірісіне аударылады. Металл сынықтарын тапсыру туралы анықтамалар және республикалық бюджеттің кірісіне аударылған сомалар туралы түбіртектер есеппен бірге Қаржы қызметіне тапсырылады және жеке номенклатуралық іске тігіледі.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының бөліністерінде көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктердің бланкілерін дайындау, сақтау және есепке алу, көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін беру және дайындау қағидаларына
1-қосымша
нысан

Көлік құралдарын тіркеу тізілімі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

			ЖСН (жеке сәйкестендіру нөмірі)				
--	--	--	---------------------------------	--	--	--	--

Р/с Төлемді растайтын құжаттың атауы, №	№ Сомасы теңге	Тиесілігі КҚКТ	МТНБ	Сатып алу заңдылығын растайтын құжат	Есептен шығару (қайта тіркеу) Шығарылған жылы	Шасси нөмірі	Шанақ нөмірі
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғасы:

Көлік құралы		Берілгені		Төленгені		Алғаны туралы қолы	
КҚТК-нің сериясы, нөмірі	МТНБ-нің сериясы, нөмірі	Төлемді растайтын құжаттың атауы, №	Сомасы теңге	КҚКТ	МТНБ	Сатып алу заңдылығын растайтын құжат	Есептен шығару (қайта тіркеу)
9	10	11	12	13	14	15	16

Қызметтік белгілер: _____

Уәкілетті адам: _____

(қолы, Т.А.Ә. (ол болған жағдайда) М.О.

парақ № _____ " _____ " _____ 20__ жыл

парақ № _____ " _____ " _____ 20__ жыл

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының бөліністерінде көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктердің бланкілерін дайындау, сақтау және есепке алу, көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін беру және дайындау қағидаларына
2-қосымша
нысан

Ақаулы өнімді есепке алу актісі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20__ жылғы _____ үшін

Құжаттың атауы	Сериясы мен нөмірі	Ақаулы өнімнің орнына берілгені	Ақаудың туындау себептері	Т.А.Ә. (болған жағдайда) және ақауға жол берген адамның лауазымы	Қолы
1	2	3	4	5	6

Ақауы бар өнімнің орнына берілгені

Уәкілетті адам: _____

(қолы, Т.А.Ә. (болған жағдайда))

Жеткізушінің өкілі _____

(Т.А.Ә. (болған жағдайда), қолы)

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының бөліністерінде көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктердің бланкілерін дайындау, сақтау және есепке алу, көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін беру және дайындау қағидаларына 3-қосымша нысан

20 жылғы _____

Берілген мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері телнұсқаларының тізілімі

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

P/c	№	Иесінің Т.А.Ә. (ол болған жағдайда) ұйымның атауы	КҚТК сериясы және №	МТНБ сериясы және нөмірі	Типі	Саны дана	Төлемді растайтын құжаттың атауы, нөмірі және күні	Қолы
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1								
Жиыны:						X		X

Уәкілетті адам: _____

(қолы, Т.А.Ә. (болған жағдайда))

20 жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының бөліністерінде көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктердің бланкілерін дайындау, сақтау және есепке алу, көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін беру және дайындау қағидаларына 4-қосымша нысан Бекітемін ҚАПО бастығы

(атағы)

(қолы) (Т.А.Ә (ол болған жағдайда))

20__ жылғы " __ " _____

(ҚАІБ (б) атауы)

Мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін дайындауға және жеткізуге арналған өтінім 20__
жылғы _____

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р/с	№	МТНБ типі	Литер-Сериясы	Бастапқы нөмірі	Соңғы нөмірі
1	2	3	4	5	6

Уәкілетті адам _____

(атағы, қолы, (Т.А.Ә. (ол болған жағдайда))

Қазақстан Республикасы ішкі
істер органдарының
бөліністерінде көлік құралдарын
тіркеу туралы куәліктердің
бланкілерін дайындау, сақтау
және есепке алу, көлік
құралдарының мемлекеттік
тіркеу нөмірі белгілерін беру
және дайындау қағидаларына
5-қосымша
нысан

Келісілді
ПД ҚҚЕБ бастығы

Бекітемін
ПД ӘПБ бастығы

(атағы, қолы, Т.А.Ә.
ол болған жағдайда), қолы)
20__ жылғы " __ " _____

(атағы, қолы, Т.А.Ә.
(ол болған жағдайда), қолы)
20__ жылғы " __ " _____

(ПД ӘПБ-нің атауы)

Мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін дайындауға және жеткізуге арналған өтінім 20__
жылғы _____

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р/с	№	МТНБ типі	Литер-Сериясы	Бастапқы нөмірі	Соңғы нөмірі

1	2	3	4	5	6
1					

Уәкілетті адам _____

—

(атағы, Т.А.Ә. (ол болған жағдайда), қолы)

20 жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының бөліністерінде көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктердің бланкілерін дайындау, сақтау және есепке алу, көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін беру және дайындау қағидаларына 6-қосымша

нысан

Бекітемін

Қазақстан Республикасы ІІМ

ӘПК төрағасы

(атағы)

(қолы) (Т.А.Ә. (ол болған жағдайда))

Мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін дайындауға және жеткізуге арналған жиынтық өтінім

20 __ жылғы _____

Р/с №	МТНБ типі	Литер-Сериясы	Бастапқы нөмірі	Соңғы нөмірі	Саны, дана
1	2	3	4	5	6

Қазақстан Республикасы ІІМ ӘПК лауазымды адамы:

(лауазымы, атағы, Т.А.Ә. (ол болған жағдайда), қолы)

20 __ жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының бөліністерінде көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктердің бланкілерін дайындау, сақтау және есепке алу, көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін беру және дайындау қағидаларына 7-қосымша

Мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін қабылдау актісі

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20__ жылғы " __ " _____
(елді мекен)

_____ (ИМ ӘПК, ПД ӘПБ, ИМ-нің Байқоңыр қаласындағы Өкілдігі) бастығының
20__ жылғы " __ " _____ №__ бұйрығының негізінде әрекет ететін
мынадай құрамдағы комиссия _____
(лауазымы, атағы, Т.А.Ә. (ол болған жағдайда))

Жеткізушінің өкілі _____ қатысуымен
(лауазымы, Т.А.Ә. (ол болған жағдайда))

_____ (жеткізушінің атауы, заңды мекенжайы, БИН)
келіп түскен МТНБ-ны 20__ жылғы " __ " _____ № _____ жүкқұжат
бойынша қабылдады.
Орамды ашу кезінде мыналар анықталды:

_____ (сериясының литерлерін көрсете отырып, типі, саны бойынша МТНБ
санамаланады, оның ішінде жарамсыз, жетіспейтін, артық МТНБ санамаланады)
Қабылдау актісі үш (төрт) данада жасалды және:
1-данасы - Қазақстан Республикасы ИМ ӘПК-нің, ПД ӘПБ ТЕБ-тің,
ИМ-нің Байқоңыр қаласындағы Өкілдігінің материалдық жауапты адамына;
2-данасы - Жеткізушіге;
3-данасы - Қазақстан Республикасы ИМ ҚҚЕД-ге, ПД, ИМ-нің Байқоңыр
қаласындағы Өкілдігінің ҚҚЕБ-ге берілді.
Комиссия мүшелері: Жеткізушінің өкілі:

_____ (Т.А.Ә. (ол болған жағдайда), қолы) _____ (Т.А.Ә. (ол болған жағдайда), қолы)

Осы актіде атаулары жазылған барлық бағалы заттар өзімнің қатысуыммен
тексеріліп,

актіге дұрыс енгізілді және оларды мен қабылдадым.

Уәкілетті адам _____
(лауазымы, атағы, Т.А.Ә. (ол болған жағдайда), қолы)

20__ жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының бөліністерінде көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктердің бланкілерін дайындау, сақтау және есепке алу, көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін беру және дайындау қағидаларына 8-қосымша

НЫСАН

Мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерінің кіріс-шығысын есепке алу кітабы

КІРІС								
Келіп түскен күні	Жүкқұжат №	Кімнен алынды	МТНБ сериясы	Нөмірленуі		Саны	Бағасы, теңге	Сомасы, теңге
				Нөмірден	Нөмірге дейін			
1	2	3	4	5	6	7	8	9

ШЫҒЫС							Қалдық			
Жұмсалған күні	Жүкқұжаттың немесе Тізілімінің №	МТНБ сериясы	Нөмірден нөмірге дейін қоса алғанда	Саны, дана	Бағасы, теңге	Сомасы, теңге	Сериясы	Нөмірден нөмірге дейін қоса алғанда	Саны, дана	Сомасы, теңге
10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының бөліністерінде көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктердің бланкілерін дайындау, сақтау және есепке алу, көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін беру және дайындау қағидаларына 9-қосымша
НЫСАН

Уақытша сақтауға қабылданған көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін қабылдауды және жұмсауды есепке алу кітабы

20 ____ ЖЫЛҒЫ _____

Ескерту. 9-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р/с	№	Көлік құралы	(ол болған жағдайда), ЖСН және	Уақытша сақтауға	Уақытша сақтау мерзімінің
-----	---	--------------	--------------------------------	------------------	---------------------------

		иесінің Т.А.Ә.	мекенжайы	МТНБ типi	МТНБ-ның цифрлық белгісі	тапсырылған күні	аяқталу күні	МТНБ-ны беру/ жою күні
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1								

Уәкілетті адам _____
(атағы, Т.А.Ә. (ол болған жағдайда), қолы)

20 жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының бөліністерінде көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктердің бланкілерін дайындау, сақтау және есепке алу, көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін беру және дайындау қағидаларына 10-қосымша

нысан

МТНБ-ны сақтауға қабылдау туралы

ҚОЛХАТ

Көліктің иесінен алынды

20 __ жылғы " __ " _____ сериясы _____ № _____
(қабылдау күні)

Тіркеу белгілері _____ саны _____
(МТНБ түрі) (дана)

20 __ жылғы " __ " _____
(сақтау мерзімінің аяқталу күні)

Көлік иесінің деректері: _____ № _____ ЖСН _____
(Т.А.Ә. (ол болған жағдайда)) (жеке куәлігі) (ЖСН)

Тұрғылықты жері: _____
(нақты тұратын жері)

Көрсетілген сақтау мерзімі өткен соң талап етілмеген МТНБ белгіленген тәртіппен жойылатын болады.

20 __ жылғы " __ " _____
(иесінің (Т.А.Ә. (ол болған жағдайда)) (иесінің қолы))

ПО лауазымды адамы _____
(қолы, (Т.А.Ә. (ол болған жағдайда)))

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының бөліністерінде көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктердің бланкілерін дайындау, сақтау және есепке алу, көлік

1											
Жиыны											

Уәкілетті адам _____

(атағы, Т.А.Ә. (ол болған жағдайда), қолы)

20 жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының бөліністерінде көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктердің бланкілерін дайындау, сақтау және есепке алу, көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін беру және дайындау қағидаларына 13-қосымша

нысан

Бекітемін

Орган басшысы

(лауазымы, атағы)

(қолы) (Т.А.Ә.(ол болған жағдайда))

20 __ жылғы " __ " _____

Мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін жою актісі

20 __ жылғы _____

Р/с №	МТНБ типі	Сериясы	Нөмірленуі	Саны, дана	Сериясы	Нөмірленуі	Саны, дана	Сериясы	Нөмірленуі	Саны, дана	Барлығы
1	2	3				4		5			6
			Жиыны			Жиыны		Жиыны			

Барлығы _____

(саны жазумен)

Комиссия мүшелері _____

(лауазымы, атағы, қолы, Т.А.Ә. (ол болған жағдайда))

(лауазымы, атағы, қолы, Т.А.Ә. (ол болған жағдайда))

(лауазымы, атағы, қолы, Т.А.Ә. (ол болған жағдайда))